

**8D04201 – Құқықтану» ББ бойынша (PhD) философия докторы
дәрежесін алуға ұсынған Шакирова Алтынай Боранқұлқызының «Білім
беру ортасындағы адам құқықтары: теориялық және тәжірибелік
сұрақтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Білім беру ортасындағы адам құқықтары – өте маңызды және күрделі мәселе. Бұл тақырып бойынша теориялық және тәжірибелік сұрақтар бір-бірімен тығыз байланысты, себебі білім алу құқығы тек жеке адамның құқығы ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына да негіз болады. Адам құқықтары мен бостандықтарының түрлі салаларында білім беру құқығы ерекше орын алады. Бұл құқық тек білім алу мүмкіндігін ғана емес, білім сапасын, тең мүмкіндіктерді және қолжетімділікті қамтамасыз етуді де қамтиды. Қазіргі әлемде білім беру ортасындағы адам құқықтарының сақталуы тек білім алу құқығын қамтамасыз етумен шектелмейді, ол сапалы білімге, инклюзияға, теңдікке және еркіндікке негізделген әділетті жүйені қалыптастыруды да қамтиды, сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті мәселе екені сөзсіз.

Білім беру ортасындағы адам құқықтарының өзектілігі тек білім алу мүмкіндігімен шектелмейді. Бүгінде сапалы білім алу негізгі талаптардың бірі болып табылады. Атап айтсақ, мұғалімдердің біліктілігі мен педагогикалық әдістері білім сапасына тікелей әсер етеді. Білім беру бағдарламаларының мазмұны адам құқықтарын құрметтеуге, демократиялық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқушылардың пікір еркіндігі, қауіпсіздігі, психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықтан қорғалуы да білім беру құқығының маңызды бөлігі болып табылады.

Цифрландыру мен жаңа технологиялар білімге қолжетімділікті арттырғанымен, жаңа қауіптер де туындады: онлайн білім алудағы теңсіздік (интернет пен құрылғылардың жетіспеушілігі); жеке деректердің қорғалмауы; кибербуллинг және интернеттегі қауіпсіздік мәселелері. Осы мәселелердің барлығы диссертанттың ғылыми зерттеуінде жан жақты жүргізілген.

Ізденуші білім беру ортасындағы адам құқықтарын зерттеуде жалпы ғылымдық әдістер мен арнайы әдістерді кешенді қолданған. Жалпы ғылымдық әдістер білім беру құқығының тұжырымдамалық, жүйелік және тарихи негіздерін зерттеуге мүмкіндік береді, ал арнайы әдістер нақты құқықтық, әлеуметтік және педагогикалық мәселелерді талдауға бағытталған. Зерттеуші осы әдістерді үйлестіре отырып, білім беру саласында адам құқықтарының бұзылу себептерін анықтап, оны шешу жолдарын ұсынған.

Білім беру ортасындағы адам құқықтары – заманауи құқықтық, педагогикалық және әлеуметтік зерттеулерде маңызды орын алатын өзекті тақырып. Жүргізілген ғылыми зерттеулері жаңа теориялық тұжырымдар мен практикалық әдістерді ұсыну арқылы білім беру жүйесінің дамуына ықпал етеді. Жаңа ғылыми зерттеулерінің нәтижелері білім беру жүйесінде қолданылатын заңнамалар мен саясаттарды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеуі білім беру жүйесін жетілдіруге, адам құқықтарын құрметтейтін, инклюзивті және қауіпсіз ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Ғылыми жұмысының ішкі тұтастығы зерттеудің қисынды құрылымын, бірізділігін және мазмұндық үйлесімділігін көрсетеді. Зерттеу жұмысы сенімді, ғылыми тұрғыдан негізделген дереккөздерге сүйенген.

Докторант А.Б. Шакированың диссертациялық жұмысында білім беру ортасындағы адам құқықтарын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеп, олардың сақталуын қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін анықтаған. Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінде құқықтық мәдениетті нығайтуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және құқықтық саясатты жетілдіруге бағытталған.

Автормен жасалған қорытындылар мен ұсыныстар негізді, жұмыстың ішкі біртұтастығымен, аяқталғандығымен, маңыздылығымен ерекшеленеді. Өзектілігі, көлемі, ғылыми деңгейі, практикалық нәтижелері бойынша диссертациялық жұмыс кешенді зерттелген, дәйекті мәселелерді қамтыған, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады деуге болады.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы оның теориялық нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қажетті өзгерістерді одан әрі енгізу үшін, сондай-ақ ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселелерді шешуге бағытталғанын білдіреді.

Жұмыстың ішкі біртұтастығы зерттеудің логикалық құрылымының жүйелілігін және оның бөлімдерінің өзара байланысқанын көрсетеді. Жұмыста автор жеткілікті түрде негізделген бірқатар ғылыми ережелерді, тұжырымдарды қорғауға шығарады.

А.Б.Шакированың жұмыстағы жеткілікті дәлелділікпен берілген зерттеуі оның зерттеудің жалпы ғылымдық және арнайы әдістерін жақсы игергендігін көрсетеді. Білім беру саласының дамуына әсер ететін заңнамалық реформалар мен өзгерістер талданып, олардың тиімділігі бағаланған. Құқықтық реттеудегі олқылықтар мен шешу жолдары ғылыми негізде ұсынылған. Осы негіздерге сүйене отырып, зерттеудің қорытындылары мен ұсыныстары ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген деп айтуға болады.

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша 11 мақаласы жарыққа шықты, оның ішінде зерттеу нәтижелері бойынша 1-мақала Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген «Revista pedagogia universitaria y didactica del derecho» ғылыми журналында, 3-мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің басылымдар тізбесіне кіретін «Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясында», 2 мақала – ғылыми журналдарда, 5 мақала – шетелдегі халықаралық және Қазақстан Республикасында өткен халықаралық конференция материалдарында жарық көрді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, 8D04201 – Құқықтану» ББ бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынған Шакирова

Алтынай Боранқұлқызының «Білім беру ортасындағы адам құқықтары: теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбындағы докторлық диссертациясы жария қорғауды жүзеге асыру үшін ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің азаматтық және
еңбек құқығы кафедрасының
профессоры, заң ғылымдарының кандидаты



Г.А. Ильясова

